

Семей мемлекеттік медицина университеті

# СӨЖ

---

Тақырыбы: жүрекке перкуссия мен аускультация жасау әдістерінің тарихы.

Орындаған : Адильшинова Л.А.  
312-топ,ЖМ  
Тексерген: Даутов Д.Х.

Семей 2018 жыл

# Жоспар

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім:

- Пиори әдісі
- Образцов әдісі
- Сокольский әдісі
- Аускультация жасау әдісі

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиет.

# Кіріспе .

Перкуссия (латынша percussio “тері арқылы”) қазақша соғып не қағып қарау дегенді білдіреді. Бұл әдіс Гиппократ заманында белгілі болғанымен кеңінен қолданылмаған. Алғаш перкуссияның клиникалық зерттеудегі маңызына көңіл бөлген австриялық ғалым дәрігер Л. Ауэнбруггер (1722-1801) болатын. Оның латынша жазылған **“Кеудедегі жасырын жатқан ауруларды адамның кеуде клеткасын соға отырып табуға болатын жаңа әдіс”** трактаты 1761 жылы жарық көрген.




- Л. Ауэнбруггер “қолдың алақанын жазып, бір бірімен біріктіріп ұстаған саусақтарыңыздың басымен кеуде клеткасын жайлап, асықпай соғып қараған кезде, жүрек тондарының өзгеруі іштегі өзгерістер туралы мәліметтер береді” деп жазған. Л. Ауэнбурггердің ойлап тапқандай, саусақтардың басымен соғып перкуссиялау тікелей перкуссия деп аталады.

# Пиори әдісі

**Пиори перкуссия** әдісіне плессиметрді (plessor — соғамын, metron -өлшем) қолдануды ұсынған. Ол үшін кеудеге плессиметрді тығыз тақап қойып, үстінен саусақпен соғып отырған. Ауэнбруггер бойынша перкуссиялау кезінде кеуденің кең көлемінен мәлімет алынады, ал плессиметрдің көмегімен перкуссия жасаған кезде кеуденің аз көлемді шектелген бөлігінен, патологиялық үрдістердің орнын дәлірек анықтау мүмкіндігі туады. Он төрт жыл өткен соң Винтрих арнайы перкуссиялық балға ойлап тауып, онымен плессиметрдің үстінен ұрып анықтауды қолдана бастаған. Осы құрал — жабдықтардың көмегімен соғып қарау **жанама перкуссия** деп аталады.

Кейінгі уақытта ғалымдар клиника жағдайында перкуссия әдісін одан әрі жетілдіруге тырысқан: әр түрлі аурулар кезіндегі перкуторлық мәліметтер салыстырылады, оның техникасы мен әдістемелерін жаңартады, плессиметр мен перкуссиялық балғаның әр түрлі пішіндері қарастырылып, түрлі материалдардан жасалады. Мысалы: ағаш, металл, піл сүйегі және т.б. Перкуссия әдісін дамытуға үлкен мән берген себебі: рентген сәулелері ашылғанша ішкі ағзалардағы патологиялық өзгерістер тек қана физикалық, оның ішінде, перкуссиялық әдістермен зерттелген болатын.







# Образцов әдісі

В.П.Образцов өзінің жаңа перкуссиялық әдісін ұсынады. Оны орындау үшін оң қолдың сұқ саусағын ортаңғы саусағының үстінен қайыра салып, зерттеу кезінде сұқ саусақты жылжыта түсіп, денеге соққы түсіреді. В.П.Образцов әдісі тікелей перкуссияға жатады және бұрынғы әдістерге қарағанда дәлірек мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.







Рис. 29. Сравнительная перкуссия легких:

*а* — пальцем по пальцу; *б, в* — методами соответственно Яновского и Образцова; *г* — положение пальца-пlessиметра при перкуссии верхушек легких; *д* — перкуссия по ключице; *е* — положение пальцев при перкуссии легких спереди; *ж* — перкуссия по подмышечным линиям; *з* — положение пальцев при перкуссии легких сзади; *и, к, л* — перкуссия соответственно над-, меж- и подлопаточных областей по лопаточным линиям.




Рис. 15. Непосредственная перкуссия по В.П. Образцову.

# Сокольский әдісі

- Қазіргі кезде кеңінен тарағаны 1935 жылы Г.И. Сокольский ұсынған әдіс. Ол жанамалы перкуссиялық әдіске жатады, тек плессиметр мен балға қолданылмайды, соққы қол саусақтарымен жасалады. Әдетте сол қолдың ортаңғы саусағын денеге жанастырып (плесстметр ролінде), оң қолдың ортаңғы саусағымен (перкуссиялық балға ретінде) соғып отырады. Бұл перкуссиялық әдістің артықшылығы: *ол құрал жабдықтар іздемей — ақ, кез келген уақытта тексере беруге мүмкіндік туғызады.*

## Метод опосредованной перкуссии по Г.И.Сокольскому (1935)



Перкуссия пальцем по пальцу.

Жүрекке перкуссия жасау әдісі арқылы жүректің көлемін, оның орналасуын, шекарасын, кескін үйлесімін (конфигурация), сол сияқты қан тамырлары шоғырының енін де анықтауға болады. Негізінен жүрек екі жағынан өкпемен жабылып тұрады, перкуссияның шарты бойынша, өкпе – ауасы бар мүше, онда ашық дыбыс, ал жүрек – ауасыз мүше, онда тұйық дыбыс естіледі. Осындай әртүрлі жағдайлар перкуссия әдісін тиінақты түрде қолдануға мәжбүр болады.

Жүректің алдыңғы бетінің кішкене аймағы ғана кеудеге жақын жатады, қалғаны өкпемен шектеулі, сол ашық жатқан кішкене аумақта абсолютті тұйық дыбыс естіледі. Бұл шекара жүректің абсолютті тұйықтығы деп аталады. Ал өкпемен қоршалған жүректің аумағына перкуссия жасағанда, өте тұйық емес, одан бәсеңдеу, тұйықталған дыбыс естіледі. Мұны жүректің салыстырмалы тұйықтығы деп аталады.



# Аускультация

- Аускультация (латынша auscultatio – «қазақша» тыңдаймын деген сөз) – организмдегі өзіне — өзі пайда болған дыбыстарды тыңдау болып табылады. Бұл әдіс Гиппократтан бастау алады. Оның еңбектерінде әр түрлі дыбыстардың, соның ішінде жүрек соғысын анықтаған. Бірақ ол мәліметтер бүгінгі күнге толығымен жетпеген.

Аускультация әдісін негізін қалаған француз дәрігері **Рене Теофил Гиацинт Лаэннек** (1781 – 1826). Ол алғаш рет стетоскопты (stethos — кеуде, scopeo — қараймын) қолдануды ұсынған.





- Мұндай ой Р.Лаэннек (1781-1826) жылы келген, өзі былай деп жазады: ”Консультацияға келгенімде әйелдің толықтығынан тікелей аускультацияны жүргізу қиынға түсті. Сол кезде маған жаңа ой келді: дәптерді дүрбі тәрізді етіп жиырып, екінші шетін науқастың жүрегіне тақадым. Жүрек соққысын ап – анық естігеніме таң қалдым да қатты қуандым”. Лаэннек кейін осы әдісті терең зерттеп, өкпе мен жүрек аурулары тұсындағы дыбыстарды жазып кеткен. Р.Лаэннек ұсынған стетоскоп ұзына бойы диаметрі бірдей, ұзындығы 33 см ағаш түтік боатын. Кейіннен оның құрылысы талай рет өзгеріп, қазіргідей дәрежеге жетті.



Профессор Н.И.Филатов балаларды тыңдауға арналған өзінің стетоскопын ұсынған, оның бір ұшы екіге бөлініп, зерттеушінің құлағына кигізіледі.



Кейін біртіндеп дыбыс қозғалыстарының берілуін күшейтетін аппараттар – **фонендоскоптар** ойластырылып табылды. Оның құрылыс ерекшеліктері: **фонендоскоптың бір жақ шеті бетіне мембрана тартылған металдын жасалған қуыс болып табылады.** Осы шетін адам денесіне тығыз жанастырып қойғанда дыбыс құбылыстары мембранаға беріліп, ол тербеліске келеді де, сол мүшеде белгілі бір дыбыс естіледі. Металды қуыс резонанс теориясы бойынша дыбысты күшейтеді, күшейтілген дыбыс түтіктің бойымен зерттеушінің құлағына жетеді. Ескертетін жағдай: фонендоскоп дыбыстарды күшейтумен қатар өзгертеді, оған қарағанда стетоскоппен естілетін дыбыстар тазаболады.



# Қорытынды.

- Қорытындылай келе, жүрекке перкуссия мен аускультация жасау әдістерінің маңызы өте зор. Перкуссия жасау әдісі арқылы жүректің көлемін, оның орналасуын, шекарасын, кескін үйлесімін (конфигурация), сол сияқты қан тамырлары шоғырының енін де анықтауға болады. Аускультация арқылы жүрек ақауларында пайда болатын дыбыстар естіледі. Мысалы: қолқа қақпақшасы қызметінің жетіспеушілігінде пайда болатын протодиастольқ шуыл, екі жармалы қақпақшаның қызметі жетіспеушілігінде пайда болатын систольқ шуыл естіледі.

# Пайдаланылған әдебиет .

- Интернет желісі
- Ішкі ағза ауруларының пропедевтикасы Айтбембет Б.Н.